ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 шілде №5165-24-00-2/1471 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№4 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Көне» Сейдазимбек Шынар Сакенқызы.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысу деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі М.Шуланбеков.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 16 наурызда тараптар арасында №22/23 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 2 687 109 теңгеге түзілген.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер тауарды (шаруашылық заттарды) 2024 жылы 30 сәуірге дейін жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа Шарт бойынша міндетемелерін орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап сотқа талап қоюмен жүгінген.

Жауапкер талап қоюға жазбаша қарсы пікір берген жоқ.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа келмеді. Істі өзінің қатысуынсыз немесе (бейне байланыс арқылы) қашықтықтан қатыса отырып қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4, 6-бөліктерінің талаптарына сай сот істі келмеген жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 19.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.08.2024, судья Рүстем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1431

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер тауарды (шаруашылық заттарды) жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Сотта нақты анықталғаны жауапкер осы күнге дейін міндетіне алған қызметтті орындамаған, ал талап қоюшы талапты сотқа Заңда көрсетілген мерзім ішінде берген.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Осы аталған талап бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Сот талапкердің осы талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, тараптар сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 19.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.08.2024, судья Рустем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1431

АПК-нің 109, 117-баптарының негізінде жауапкерден талап қоюшының пайдасына сот шығыстары мен мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№4 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Көне» Сейдазимбек Шынар Сакенқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Көне» Сейдазимбек Шынар Сакенқызынан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 19.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.08.2024, судья Рүстем Б. М., 28.08.2024

5165-24-3-1/1431